

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

# БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ



*Білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық басылым*



**V00037**

**29.09.2020 ж**

**2**

**0**

**2**

**0**

**СУЛЕЙМЕНОВА ЖАНБОТА  
ҚОЙШЫБАЕВНА**

*Алматы облысы, Алакөл ауданы  
"Ақжар орта мектебі" КММ. Педагог-психолог*

# РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

## БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ

29.09.2020 ЖЫЛ | № V00037

**Білім беретін, ғылыми,  
танымдық, жарнамалық басылым**

-----  
МББ аты: «БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналы

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы  
Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы Редактор: Нагиев И. Б.  
Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

-----  
«БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналына жарияланған ақпараттардың  
авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.  
Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

-----  
Журнал ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген.  
Куәлік № KZ37VPY00015077. Нұр-Сұлтан қаласы. 19.09.2019 жыл

-----  
Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Журнал «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2020 жыл Телефон: 8 777 055 0590

## «Таңғажайып әлемге саяхат» атты тренинг

**Тренинг мақсаты:** оқушылардың қоршаған ортамен қарым-қатынасын нығайту, ақыл-ойын дамыту, көріп есте сақтау, зейін тұрақтылығын қалыптастыру, топпен жұмыс жасауға, табиғатты сүйуге, әсемдікке тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** саяхат сабақ

**Көрнекілігі:** карточкалар, фламастер, формат А4, суреттер.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**

**II.** Балалар бүгін біз таңғажайып әлемге саяхат жасаймыз. Бірақ ол жаққа бару оңай емес, себебі жолда көп кедергілер кездеседі. Бірақ ойланып тапсақ, бірігіп жұмыс жасасақ, тату болсақ бізге кедергі түкте емес, солай емес пе? Осы кезде есік қағылады. Ішке қоян кіріп келеді. Ол өзінің балаларымен саяхатқа шыққысы келетінін айтады.

1. Балалар біз ең алдымен саяхатқа шықпас бұрын өзімізді қоянға және келген қонақтарға таныстырайық. Өз атымызды атаймыз және өзіміздің жақсы қасиетімізді қосып айтамыз. Мысалы: Менің атым Әсия. Мен әдептімін.

**III.** Біз жолмен жүріп келеміз. Міне бізге жолда кедергі кездесті. Кәзір біз осы жердегі кедергілерден өтсек, «Жануарлар әлемі» әлемі ашылады. Ол үшін бізге мынадай тапсырманы орындауымыз қажет.

**«Естіп есте сақтау».**

Сердерге қазір он сөз оқылады. Сол он сөзді сендер естеріңде сақтап, қайталап айтып берулерің керек. Шарт бойынша бұл сөздер 3 рет қайталанып оқылады. Бұл сөздер бізге «Ертегілер әлеміне» жеткенде қажет болады.

Орман

Жапырақ

Балта

Ағаш

Жол

Қасқыр

Қамыс

Гүл

Кірпіш

**«Ұйқасын тап»**

Сіздерге төмендегідей «Соңғы жолды ойлап табыңыз» деген тапсырма беріледі:

- 1- Өзінше ноян, қорқақ кім? (Қоян)
- 2- Тастан-тасқа секіріп, жем тереді....(кекілік)
- 3- Алмастан тыным, шабады....(құлын)
- 4- Құйрығы он қарыс, бұл айбатты....(жолбарыс)
- 5- Бата алмас түлкі, үсті тікен.... (кірпі)

**Ойын- пантомима. Қай жануар қалай дыбыстайды?**

Балалар, енді жануарлар әлемін тамашалауға болады. Біз кедергіден өттік. Олай болса табиғаттағы жануарлар мен құстарды тамашалап, саяхатымызды жалғастырайық. Міне жолда тағы кедергі кездесті. Қазір біз бұл кедергіден өтсек «Ертегілер әлеміне» жол ашылады.

**Ертегі тыңдау.** «Үш торай» ертегісі. Ертегі тапсырмы бойынша сұрақтарға жауап беру, сурет салу.

**Сергіту сәті**

Күлімдеп күн бүгін, қарады маған да.(өзіне көрсетеді)

Күлімдеп күн бүгін, қарады саған да.(досына көрсетеді)

Шуақпен нұр төгіп (қолын жоғары көтереді)

Көңілді кетті көтеріп(шапалақтайды)

**«Табиғат әлемі» тапсырмалары.**

Ал енді мына суретке қараңдар? Бала неге ұялап тұр?

2. Балалар қоршаған орта табиғатты қорғау керек пе? Неден қорғау керек? Бір-біріміздің қолымыздан ұстайықшы. Бірге болған қандай тамаша! Табиғат та бірлікті, татулықты қалайды. Сондықтан табиғатқа, жерімізге қандай тілектерің бар? Мысалы: Көк аспанымыз ашық болсын, сары-көңіліміз шат болсын, жасыл орманымыз жайқалып өсе берсін, ақ жүрекіміз таза болсын, отбасымыз аман болсын.

**Бейнекөрініс.(7мин) «Таңғажайып әлемді» тамашалау.**

Қоян:

3. Балалар, маған сендермен бірге саяхат жасау өте қызықты болды. Маған өте ұнады. Сендерге рахмет, мен осы таңғажайып әлемде қалғым келеді. Мен сендерге жақсы тілегімді білдіре отырып, мына кішкене жүрекшелермен жүрек жылуымды беремін. Сау болыңдар, көріскенше.

**Қорытынды.**

\* \* \* \* \*

**Тренинг тақырыбы: "Ата-ана мен мектеп арасындағы қарым-қатынас"**

**Мақсаты:** мектеп пен ата-ана байланыс ынтымақтастығын арттыру, балаға білім беру мен тәрбиелеуде жетістікке жету үшін бірлескен әрекеттің ортақ мақсаттарын анықтау, отбасы ерекшеліктерін ескере отырып, қиындықтарды бірлесе шешу.

**Жұмыс түрі:** тренинг.

Нақыл сөздер: "Отан- отбасынан басталады"

Тренингтің барысы:

Тренинг ережесін бекіту

1. Тыңдай білу
2. Сөзді бөлмеу
3. Белсенділік таныту
4. Көңілді отыру
5. Ойын ашық ортаға салу

**1. "Жемістер" жаттығуы**

Топқа бөлінеміз: «Күн», «Алақан» сөздері арқылы топқа бөлу.

**2. "Видеоролик"**

Ата-ана видеороликті көргеннен кейін постер қорғайды.

— Сіздер осы оқиғадан түйген өз ойларыңызбен бөліссеңіздер?

**3. Сұрақтар:**

1. Мектепке өз тарапыңыздан сенімділік білдіресіз бе?
2. Мектеп пен тығыз қарым-қатынастасыз ба?
3. Мектеп жайлы сіздің пікіріңіз?
4. Мектеп тәрбиеіне көңіліңіз тола ма?
5. Мектепке жиі келесіз бе?
6. Ата-ана ретінде мектепке қандай көмек бере аласыз?

### 3. Жағдаятты талдау

Мақсаты: Өз балаларының іс-әрекетіне дұрыс бағыт бере білуге баулу.

1-жағдаят. Балаңыз мектептен шағым айтып келді. Мұғалім ұрысқанын, енді сабаққа барғысы келмейтінін айтты. Сіз қандай әрекет етесіз?

2-жағдаят. Балаңыз ұялы телефон алып бер деп жылады. Сіз: «Шамалы шыдай тұр, уақыты келгенде алып беремін» — дедіңіз. Балаңыз тыңдамай есікті тарс жауып кетіп қалды. Сіздің әрекетіңіз?

1-жағдаят. Марат сабаққа дайындықсыз келді. Мұғалім сабақ түсіндіріп жатты. Марат сабақты да тыңдамады. Онымен қоса жанындағы оқушыларға да тыныштық бермеді. Мұғалім ескертулер берсе де қорытынды шығармады. Мұғалім оқушының сыныптан шығып кетуін талап етті. Марат үйге келіп шағым айтты. Ата-анасы әй-шәйға қарамай, директорға кіріп айқай шығарды. Ата-ананың бұл әрекеті дұрыс па? Сіз қандай әрекет етер едіңіз?

2-жағдаят. Балаңыз түнімен теледидар көріп, ұйқысы қанбай қалды. Балаңыз: «Басым ауырып тұр, сабаққа бармай-ақ қояйыншы», — деді. Сіздің әрекетіңіз?

Кез келген шешімді қабылдауға асығыстық жасауға болмайды. Балаңыз сіздің оның ісіне немқұрайды қарамайтыңызды көретіндей, оны тыңдауға дайын екендігіңізді байқайтындай болсын. Кейде бала бір сәтсіздіктерге ұрынады. Ата-ана қатты уайымдап, баланың еш нәрсеге икемі жоқ, қабілетсіз деген асығыс қорытындыға келеді. Ата-ана мектеппен байланыс жасамайды, қиыншылықтарды жоюға дәрменсіз болады. Сондықтан да ата-аналар мектеппен байланысты болу керек.

#### **Қорытынды:**

Сонымен ата-аналар бала тәрбиесі ең маңызды — мәселе. Ең басты – ата-ананың бала тәрбиесіндегі маңызы зор. Бүгін міне бала тәрбиесіне байланысты ойларыңызды ортаға салдыңыздар.

Стикер таратылады, әр ата-ана тренингтен алған әсерлерімен бөліседі.

Бала тәрбиесі ешқандай үзіліс, демалыс дегенді білмейді. Ендеше, ата-аналар қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біз оларға үлгі болар бейне екенімізді ұмытпайық. Олай болса балаға әрдайым жылы сөздер айтып, дұрыс тәрбие беруге сіз болып, біз болып бірге атсалысайық.

Әкем-біреу, анамда біреу менің,  
Мен жығылсам, сүйенер тілеулерім,

Олар барда – мереке. Көрген емен,

Қабақтарын шытқанын түнергенін

Әке – білек, саусағы – балалары,

Қан тамырмен жалғасқан аралары.

Ана – тамыр бойымен бәріне де,

Тіршіліктің жылуы таралады.

Сіздердің аялы алақандарыңызбен, жылы жүректеріңізбен тербеткен әрбір азаматтарыңыз барыс текті, намысты ұрпақ болсын дегім келеді.

\* \* \* \* \*

## Тренинг "Есте сақтау" 1 сынып

### Есте сақтау қабілетін дамытуға арналған тренинг

Тақырыбы: Оқушылардың танымдық процестерін дамыту арналған жаттығулар

Сабақ мақсаты: Оқушылардың танымдық процестерін дамыту

Сабақ түрі: психологиялық тренинг сабақ

Қажетті құралдар: тоқыма жіп, А4қағаздар, т.б.

Тренинг ережесі: Тыңдай білу Белсенді қатысу Сөзді бөлмеу

Күлімсіреу Сын айтпау Уақытқа бағыну

Сабақ барысы: I. Кіріспе сөз

II. Танысу рәсімі: «Достық торы» тренингі

Мақсаты: Топ мүшелерін біріктіру, топта жағымды ахуал құру, жұмыс белсенділіктерін арттыру.

Қатысушылар шеңбер құрып тұрады. Жүргізуші тоқыма жіпті бірсаусағымен іліп алып өз есімінің бас әріпінен басталатын жақсы қасиетін теңеп таныстырады да өзі қалаған қатысушыға лақтырады. Жаттығу осылай жалғасады, барлық қатысушылар қамтылу керек. Соңында «Достық торы» пайда болады.

III. «Сөздерді есте сақта»

Мақсаты: Оқушылардың естесактау қабілетін анықтау. 1 минут ішінде 12 сөз оқылады

және есте сақтау ұсынылады. Сөздер: сүлгі, қоян, теледидар, шам, жүзім, шұлық,

жыртық, пісте, дәрі, көңіл-күй, ұя, жылан. Мағынасы бойынша өзара байланыспайтын

сөздерді қалай есте сақтап үйренуге болады? Бірінші сөз МАСА. Мен оның семсердің

жанынан ұшып жүргенін көремін. СЕМСЕР-бұл екінші сөз. Келесі сөз-Мысық.

Семсерге қараймын-оның қол ұстайтын жерімысықтың басы сияқты түрде

жасалынған. Мысықтардың мұрты сабын сияқты. САБАНнан мен ШАЛБАР тоқыдым

және оны былғап алдым, шалбарда ДАҚ. Даққа қараймын-ол АЮға ұқсайды. Ол,

бәлкім, ҚЫЗЫЛ ШИЕНі жақсы көретін шығар және сүйектерінен өзіне САРАЙ

жасайды. Сарайдың ішінен мен ПИАнино клавиштерін көремін.

IV. «Кім тапқыр?»

Мақсаты: Топ арасынан ойлау қабілеті ерекше оқушыларды анықтау. Қандай да

болмасын зат алынады (қалам, қасық, т.б). Бұл затты шеңбер бойынша әр бала

қолдарына ала отырып оны тағы қандай зат ретінде пайдалануға болатындығы

жайында айтады.

V. «Базар»

Мақсаты: Оқушылардың есте сақтау қабілетін, зейінін байқау. Оқушылар қағазға

сурет салады, суретсалынған қағаздарын 4 бөлікке бөледі. Әр оқушы 1 бөлікті өзіне

алып қалып, қалған бөлікті мұғалімге береді. Мұғалім барлық оқушының қағаздарын

араластырып, әр оқушыға қайтадан 3 бөліктен таратып береді. Оқушылар өз

суреттерінің қалған бөліктерін табу керек.

VI. «Айырмашылықтарды табу!»

Мақсаты: Байқағыштық пен зейіннің тұрақтылығын, бөлінуін, шоғырлануын

дамыту. Оқушыларға екі бірдей суреттер көрсетіледі.

Суреттердегі айырмашылықтарды табулары керек.

VII. Қорытындылау>

\* \* \* \* \*

## «ОТБАСЫ – ТӘРБИЕ БАСТАУЫ» БАЯНДАМА

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Біреуі білсем екен демекілік. Не көрсе соған талпынып, “ол немене?”, “бұл немене?” деп, “ол неге үйтеді?”, “бұл неге бүйтеді?” деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен дегені. (А.Құнанбаевтың жетінші қара сөзі)

Баланың алғашқы тәрбие алатын орны – отбасы. Отбасында баланың мінез-құлқы, әдет дағдысы қалыптасады. Еліміздің ертеңгі ұлт тізгінін ұстар жастарымыздың тәрбиесіне аса мән беру – біздің негізгі мақсатымыз.

Тәрбие – күрделі үдеріс. «Тәрбие отбасынан басталады» деп халық даналығы бекер айтпаған. Саналы да, білімді болашағын қалыптастыру әрбір ата-ананың мерейлі міндеті, парасатты парызы. Еліміздің болашағының тізгінін ұстар тұлғаның бойына білімнің нәрін, тәрбиенің иісін сіңіруміз қажет. Ата-бабамыздан қалған ұлттық тәрбиемізге дақ түсірмеу үшін барлық қажетті жауапкершілікті ата-ана өзіне алғаны жөн, себебі бала ата-ананың өмірінің жалғасы. «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» деп өткен ғасырдың ұлы тұлғасы А.Байтұрсынұлы айтқандай, баланың болашағына толғанар ел, ойланар отбасы қалыптасса елдің болашағы зор болмақ.

Ата-аналардың оқу мен тәрбие үдерісіндегі ынтымақтастық пен бірлескен жұмысы жан-жақты болса жемісті болады.

Ұрпақ тәрбиесі ұлағатты болу үшін, отбасындағы ата-ана берген тәрбие мектепте жалғасын тауып, кішкентай бүлдіршін сапалы азамат болып қалыптасу үшін мектеп, мұғалім және тәрбиеші жауапты зор міндетті атқарады. Ең бастысы – бала ата-ананың оның оқудағы жетістіктеріне қызығушылығын сезінуі керек.

Кез келген бала үлгілі немесе үлгермейтін болсын, шапшаң немесе сылбыр болсын, ол өзін жақсы көру мен сыйлауды қалайды.

**Естеріңізде ұстаңыз:** баланы әлсіз деп бағаламай, оның жақсылық жағын да көру керек. Жылы сөзді аямаңыз. Бір нәрсені орындағанда мақтап, орындамағанда сынаңыз. Мақтағанда жеке түрде мақтап, сынағанда елеусіздеу сынауға тырысыңыз. Олардың алдына орындалатын міндеттерді қойыңыз. Бұйырудың орнына өзіңе тең адамша кеңес, көмек сұрауға тырысыңыз. Мүмкіндігіне қарай бір қателік үшін екі рет жазалауға тырыспаңыз. Бала өзін не үшін жазалағанын түсінуі тиіс. Көп жағдайларда баланы мазалау, шектен тыс талап қою нәтиже бермейді.

### **Ата-ана мен бала үйлесімділігі**

Отбасы тәрбиесіндегі басты нысана баламен рухани үндестік пен үйлесімділікке ұмтылу, ата-баба мұрасын сақтауға ұмтылу, ата-баба мұрасын сақтауға көңіл бөлу, халықтың тәлімдік мұрасын сақтауға көңіл бөлу, халықтың тәлімдік мұрасын бүгінгі күнмен сабақтастыру болып табылады. Осыған орай, отбасында еңбексүйгіштікке, баланың жасына сай еңбек түрлеріне және қоғамдық – пайдалы еңбекке баулуды іске асыру қажет. Жасөспірімнің «жауына» айналмас үшін онымен қарым-қатынасыңыз қандай болу керек? Жасөспірім қарым-қатынасында ең маңыздысы – «ойнамау»,

жағдай мен көңіл-күйге байланысты өзгеруге икемділігіңізді көрсетуіңіз керек, баланың пікіріне құлақ асу, оның тұлғасын құрметтеу керек.

Ата-аналардың бұйрық беріп, жетекшілік жасау уақыты әлдеқашан өтіп кетті. Сондықтан балаңызға айғайлап ұрысқаннан еш нәтиже шықпайды. Сіз жеңіліске ұшырайсыз. Оның орнына өзіңізді ұстамды, дәрежелі көрсетіп, нақты ісіңізбен ғана қарым-қатынасты орната аласыз. Жасөспірімдік жастың бір ерекшелігі – өз ісінің дұрыстығын дәлелдеу болып табылады. Оны түсіну қиын, алайда балаңызбен бірге тәуекелге бел байлауға тура келеді. Осылайша оған біршама жақын болып, өзіңіздің тапқырлығыңызды көрсетесіз.

Әзіл мен оптимистік сезімді ұмытпаған дұрыс. Жасөспірім басынан өткен оқиғаның бәрінде трагедияның үлесі бар деп ойлайды. Сондықтан бұл жерде сіздің тарапыңыздан әзілдеу көмекке келеді. Алайда баланың сезіміне күлудің еш қажеті жоқ, әзіл сол қалыптасқан жағдайдың өзіне бағытталуы керек.

### **Ата –аналардың міндеті**

1. Бала тәрбиесі негізі ата-анада жатқанын естен шығармауға;
2. Мектеппен байланыста болып, баланың сабақтан қалмауын, кешікпей келуін қадағалауға;
3. Балалардың өмірі мен оқуы үшін олардың рухани дамуын, адамгершілік жағынан қалыптасуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға;
4. Баланы оқулықтар мен басқа оқу құралдарымен толық қамтамасыз етуге;
5. Салауатты өмірді насихаттауда баласына үлгі көрсетуге;
6. Баланың жеке басын қорлайтындай жаза қолданбауға;
7. Мұғалімдердің құқын, беделін, абыройын сыйлауға;
8. Көше ережелерін сақтауды еске салып тұруға;
9. Үнемі сынып жетекшісімен тығыз байланыста болып, ата –аналар жиналысына қатысып отыруға.

### **12-17 жас аралығында бала тәрбиелеп отырған ата-аналарға кеңес:**

Егер жасөспірім балаңыз туралы мазасыздана бастасаңыз, онда сізге өміріңізді өзгертіп, басқаша көзбен қарайтын уақыттың жеткені.

Алдымен балаңыз жасөспірім кезеңге аяқ басқанда оның бойында қандай өзгерістер болатынына назар аударайық. Сырт келбеті өзгереді. Жасөспірім үшін жаңа өзгерген дене бітімімен өмір сүру аса маңызды болып табылады. Оның үстіне сырт келбетке көп нәрсе байланысты екенін ұмытпайық. Әдетте әйел адам үшін уақыт өткен сайын ер адамның ақыл-парасаты маңызды болса, ер адам үшін әйелдің сұлулығы басты мәселе болып қала береді. Сондықтан бойжетіп келе жатқан қызыңыздың өзін, бет-әлпетін күтуіне баса назар аударыңыз. Жасөспірімдердің өзін салыстыра бастайтын өз сұлулық эталоны болатынын естен шығармаңыз. Кейде тіпті сырт келбеті оның келешек өміріне де әсер етуі мүмкін. Сондықтан олар көпшіліктен ерекшеленіп, көзге түсуді ойлайды.



### **Тәрбиеге қатысты кеңестер**

Баланың тәрбиесін қолға алғанда жаман көңіл-күймен бастаған дұрыс емес.

Ең алдымен баладан не талап етесіз, соны жақсылап анықтап алыңыз және балаға түсіндіріп, осы ұсынысқа қалай қарайды сол жайлы біліп алыңыз.

Балаңызға еркіндік беріңіз. Әрбір қадамын тексермей, тек қана тәрбиелей біліңіз.

Балаңызға дайын шешімді шеше білуге көмектеспей, керісінше оған жетудің жолын көрсетіңіз, уақыты келгенде балаңызбен мақсатқа жетудің шынайы және өтірік қадамдарын ажыратыңыз.

Балаңыздың ең алғашқы арманына жеткен уақытты жіберіп алмаңыз.

Уақытында ескерту жұмыстарын жасаңыз, жағдайды бағалаңыз, содан соң пауза жасап, естілген сөздерді қабылдауға мүмкіндік беріңіз. Ең алдымен жеке тұлғаны емес, ал жағдайды бағалау керек. Баланың жасаған қателіктеріне қарамастан, балаға мейірім көрсетіңіз, жанынан табылыңыз.

Тәрбие бірнеше кезеңдерден тұрады. Тәрбие қатал болуы керек, сонымен қатар мейірімді де.

Мектеп жасындағы баланың тәрбиесіне қатысты кеңестер

Мектеп жасындағы қыз бала мен ер бала тәрбиесін негізінен 3 кезеңге бөлуге болады:

1. Бастауыш сыныптар кезеңіндегі тәрбиенің мақсаты-тазалыққа, ұқыптылыққа, жинақтылыққа үйрете отырып, баланың көп білуге құштарлығын арттыру.
2. 5-8 сыныптар арасында алғашқы кезеңдегі тәрбие түрлері әрі қарай дамытыла түседі. Бұл тұста жас ерекшелігіне қарай қыз бала мен ер бала анасынан ешнәрсе бүкпейді. Қит еткен нәрсенің бәрін анасына, әкесіне айтып береді. Сол шыншылдығымен ашықтығын пайдаланып баланың келешегіне ең керекті нәзіктік, ілтипаттылық, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, тұрақтылық сияқты мінездерді қалыптастыру басты борыш.
3. 9-11 сыныптарда әрбір қыз бала және ер бала ата-анасын, туыстарын, ұстазын сыйлап қадірлей білуді үйренсе, болашақта одан елін, жерін, халқын сүйетін өз шаңырағын ардақтайтын, балаларын жақсы көретін мейірімді ана, әке шығары сөзсіз.

Қыз бала тәрбиесінде ананың орны ерекше. Ана қыз бала тәрбиесінде әкеге қарағанда ерекше қызмет етеді. Басқа ұлтқа қарағанда біздің қазақ қыздарының бойында ізеттілік, ар-ұят, қалшақтық, үлкенге қызмет көрсету, жан ашу қасиеттері басымырақ сияқты. Осындай қыз балаға тән қасиеттерді қызының бойына сіңіретін ең бірінші - ол анасы.

Ата – аналарға өсиет

Адам азса, тәрбиенің жоқтығынан азады, қоғам азса адамдардың тәрбиесіздігінен азады. Балаға дұрыс тәрбие беру қоғамның болашақ дамуының кепілі. Сондықтан да баланың тәрбиесін мектепке тапсырып қоймай, ата-ана, бүкіл қоғам, ақпарат құралдары болып атсалысу қажет.

